

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық кеңес құру туралы" Жарлығына өзгертулер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 28 наурыз N 2921. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.07.16. N 3067 жарлығымен.

Мемлекеттік органдардың қылмысқа қарсы күрес жөніндегі қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында және Қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық кеңес мүшелерінің лауазымдық мәртебесінің өзгеруіне байланысты қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қылмыс пен сыбайлас

жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық кеңес құру туралы" 1995 жылғы 1 сәуірдегі N 2165 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 12, 135-құжат) мынадай өзгертулер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан консультативтік кеңесші орган - Қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық кеңес мына құрамда құрылсын:

Қажыгелдин - Қазақстан Республикасының  
Әкежан Мағжанұлы Премьер-Министрі, Кеңес төрағасы

Шайкенов - Қазақстан Республикасы  
Нағашыбай Аманғалиұлы Премьер-Министрінің орынбасары,  
Кеңес төрағасының орынбасары

Мұсаев - Қазақстан Республикасы Президентінің  
Әлнұр Әлжапарұлы көмекшісі, Кеңес төрағасының  
орынбасары

Кеңестің мүшелері

Белоруков - Қазақстан Республикасы Президенті  
Николай Васильевич Әкімшілігінің Заңдылықты, құқық  
тәртібін және сот реформасын  
қамтамасыз ету бөлімінің  
меңгерушісі

Жұманбеков - Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Жеңісбек Мұхамедкәрімұлы қауіпсіздік комитетінің төрағасы

Дербісов - Қазақстан Республикасы Кеден  
Еркешбай Жайлаубайұлы комитетінің төрағасы

Есенбаев - Қазақстан Республикасы Қаржы  
Мәжит Төлеубекұлы министрінің бірінші орынбасары -  
министрліктің Бас салық  
инспекциясының бастығы

Колпаков - Қазақстан Республикасының  
Константин Анатольевич Әділет министрі

Мұхамеджанов - Қазақстан Республикасы Президенті  
Бауыржан Әлімұлы Әкімшілігінің заңдар және құқықтық  
сараптама мәселелері жөніндегі  
бөлімінің меңгерушісі

Нәрікбаев - Қазақстан Республикасының  
Мақсұт Сұлтанұлы Бас прокуроры

Смағұлов - Қазақстан Республикасы Үкіметі  
Нұрлан Рахманбергенұлы Аппаратының Қорғаныс және құқық  
тәртібі органдары бөлімінің  
меңгерушісі

Сүлейменов - Қазақстан Республикасының Ішкі  
Қайырбекұлы Шошанұлы істер министрі - Ішкі әскерлер  
Қолбасшысы

Сәрсенов - Қазақстан Республикасы Баспасөз  
Алтынбек және бұқаралық ақпарат істері

жөніндегі ұлттық агенттігінің  
төрағасы

Тимкин - Қазақстан Республикасы Президенті  
Михаил Иванович Әкімшілігі Басшысының орынбасары

Тұяқбаев - Қазақстан Республикасының  
Жармахан Айтбайұлы Мемлекеттік тергеу комитетінің  
төрағасы

Сақов - Қазақстан Республикасы Президенті  
Абдулғазиз Абдоллаұлы Әкімшілігінің Заңдылықты, құқық  
тәртібін және сот реформасын  
қамтамасыз ету бөлімінің сектор  
менгерушісі, Кеңес хатшысы"

2-тармақта:

үшінші абзацта "Жоғарғы Кеңесіне, Министрлер Кабинетіне" сөздері  
"Парламентіне, Үкіметіне" сөздерімен алмастырылсын;

төртінші абзацта "қаулылары" сөзі алынып тасталып "мен" сөзінің  
орнына "және" сөзі жазылсын;

3-тармақта "Аппаратының" сөзі "Әкімшілігінің" сөзімен  
алмастырылсын.

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті